

Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 211 Заңы

2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; N 21-22, 86-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 4 2 - б а п т а :

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "2 және 3-тармақтарында" деген сөздер "2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 47-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кеден органдары тұлғаның (өтініш берушінің) өтініші бойынша осы Кодекстің 48-бабына сәйкес тауар туралы табыс етілген мәліметтер болған кезде тауардың шығарылған елін анықтауға қатысты алдын ала шешім қабылдайды. Тауардың шығарылған елін анықтауға қатысты алдын ала шешімдер артықшылықты және артықшылықты емес режимдерін қолдану кезінде қабылданады. Көрсетілген мәселелер бойынша алдын ала шешім қабылдау тәртібі мен нысанын кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

3) 307-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"307-бап. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құны Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің және Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің VII бабын қолдану жөніндегі келісімнің кедендік бағалауының жалпы принциптеріне негізделеді."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті